

Катонқарағай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 15/180-VIII "
Катонқарағай ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау
туралы " шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 16/222-VIII шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 12 шілдеде № 9054-16 болып тіркелді

Катонқарағай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Катонқарағай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 12 сәуірдегі № 15/180-VIII " Катонқарағай ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9004-16 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасында:

6- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Аз қамтылған отбасы (азамат) (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тоқсанына бір рет Қағидаға сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталына жүгінеді."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Катонқарағай аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Болаев